

Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 8 қарашадағы N 90 өкіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 25 наурыздағы N 114 Өкімі

Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілер жинағында жариялануға тиіс

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтауға ұсынудың және оларды тапсырудың тәртібі туралы нұсқаулықты, Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары құжаттарының үлгілерін және Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары белгілерінің сипаттамасын бекіту туралы" 1999 жылғы 8 қарашадағы N 90 өкіміне (Қазақстан Республикасы ПУАЖ-ы, 1999 ж., N 53, 521-құжат; 2006 ж., N 11, 101-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) жоғарыда аталған өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтауға ұсынудың және оларды тапсырудың тәртібі туралы нұсқаулықта :

3-тармақтағы "ел мүдделерін қорғауға" деген сөздер "қаһармандық ерлік жасауға, қиын-қыстау жағдаяттарға" деген сөздермен алмастырылсын;

4 - т а р м а қ т а :

алтыншы абзацтағы "ұжымнан тыс еңбек ететіндер" деген сөздер "жеке-дара еңбек ететіндер" деген сөздермен алмастырылсын;

тоғызыншы, оныншы және он бірінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"Награда қағаздары компьютерлік техниканы қолдана отырып толтырылады.

"Халық қаһарманы" атағына және құрметті атақтарға ұсынылғандардың награда қағаздарымен бірге 3x4 көлемді екі фотосуреті қоса жіберіліп, олардың сыртқы бетіне тектері мен аты-жөні көрсетілуге тиіс.

Дұрыс толтырылмаған және Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссияның отырысына дейін отыз күннен кем мерзімде келіп түскен награда құжаттары қарауға қабылданбайды.";

15-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Барлық награда құжаттары Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігінде толтырылады.";

16-тармақтың бірінші, екінші, үшінші және төртінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын :

"Мемлекеттік награда тапсырылғанға дейін награда тапсырылатын жерде

наградталғандардың тізім (N 3 нысан) толтырылады, оған награда тапсырылғаннан кейін оны алғаны туралы наградалушы жеке өзі қол қояды.

Тізім награданы тапсырған адамның қойған қолымен және оны тапсырған органның мөрімен бекітіледі.";

2) аталған Нұсқаулықтың N 3 нысаны осы өкімнің қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2007 жылғы 25 наурыздағы
N 114 Жарлығына

ҚОСЫМША
N 3 НЫСАН

награда тапсырылған орын
(облыс, қала, аудан)

награда тапсырылған уақыт

Қазақстан Республикасы Президентінің
200 ___ жылғы _____ N _____ Жарлығы бойынша
НАГРАДТАЛҒАНДАРДЫҢ ТІЗІМІ

р/с N	Тегі, аты, әкесі- нің аты	Награ- даның түрі	Орденнің, А л т ы н жұлдыздың нөмірі	Орден кітапшасы- ның, медаль, құр- метті атак куә- лігінің нөмірі	Наград- талушы- н ы ң қолы
1	2	3	4	5	6

Мәліметтердің дұрыстығын және наградалушының
қойған қолын растаймын

(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

(қолы)

М . . О . .

" " _____ ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК